С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру»** атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының **материалдары** = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее»**, посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - **2017. - Т.I, Ч.2.** - Б.244-247

ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ КЕЗДЕЙСОҚ ЖАРАЛАРЫН ЕМДЕУ

Тоймбет Ф.Б.

Ауыл шаруашылығы жануарларының жұқпалы емес аурулары жалпы аурулардың 94–97%-ын құрайды, соның ішінде оның 40%-ы хирургиялық патологияның бөлігіне келеді. Хирургиялық аурулардың үлкен бөлігі жануарларды азықтандыру технологиясы мен ұстау ережелерін бұзуымен шартталған жарақаттанулармен байланысты [1].

Кез келген жануарлардың жараларын емдеу - бұл уақыт пен кеңістікте жеке ұйымдастырған өзара байланысқан шаралардың реті, емдеудің жетістігі биологиялық белсенді өсу ықпалы мен цитокиндердің морт теңгеріміне байланысты. Жаралардың күрделі табиғатын, олардың әртүрлілігін және шексіз дерлік асқынуларын ескере отырып, жараларды емдеу үлкен қиындықтар туғызатынына таңданатыны жоқ [2,3].

Жануарлардың хирургиялық ауруларымен күресу тәжірибесі, осы үдерістегі негізгі рөлді жануарлардың денсаулығын аздаған уақытта қалпына келтіруге мүмкіндік беріп жатқан дәрілік терапияға апарылатындығын көрсетті. Қазіргі кезеңде жара мен жара инфекцисын емдеуде түрлі әдіс-тәсілдер мен микробқа қарсы заттар қолданылады. Алайда олардың әрқайсысының белгілі кемшіліктері бар – орындалуы қиын, қымбаттылығы, микрофлораға әлсіз әсер етуі және т.б., осы кемшіліктер өндірісте микробтық факторға әсер етіп және жара жазылудың уақытын қысқартуға қабілетті қолжетімді, арзан және тиімді дәрілік заттар мен патогенетикалық терапия әдістерін іздеу мен енгізу беталысына себепші болды [4].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы Ақмола облысы, Аршалы ауданының «Ижевск» ӨК шаруашылығы мен ғылыми зерттеу бөлімі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ветеринария және мал шаруашылығы технология факультетінің, ветеринарлық медицина кафедрасының зертханасында жүргізілді.

Алға қойылған мақсатты орындау үшін бізбен, әр түрлі жарақаттармен кездескен жануарларды габитусы, жасы, жынысы, салмағы мен клиникалық белгілеріне, соның ішінде жара түрі, жара аумағы, тереңдігі бойынша іріктеп, әр топта 5 бастан 2 топ құрдық. Бұл ретте бірінші топ – бақылау тобы (n=5), бұл жануарларды шаруашылықта қалыптасқан емдеу үлгісі бойынша

емдедік, ал екінші тәжірибелік тобы (n=5) мумие негізіндегі жақпа маймен емделді.

Жақпа майды келесі үлгі бойынша дайындадық:

Мумие таблеткаларын алып, келі мен келсапта бөлшектеп, оған 20 мл дистильденген су қосып, қою ботқа тәрізді масса болғанша араластырамыз. Осыдан кейін алынған массаға вазелин қосып, біртекті, түйіршіксіз, қаймақ тәрізді консистенция болғанша жақсылап араластырамыз. Осыдан қоңыр-қара түсті, өзіне тән иісі бар жақпа май алдық.

Жараланған сиырларды клиникалық зерттеу кезінде олардың жалпы күйі біршама өзгеріссіз, дене температурасы, тамыр соғу жиілігі мен тыныс алу реті нормадан аспайтын деңгейді құрады.

Зерттеу нәтижелері

Тері жамылғысы тұтастығының қалпына келуі жара жазылуы мерзімімен анықталынады, бұл өз кезегінде жара үдерісі фазасының ағымының жылдамдығына байланысты. Жараның жазылуы жара ауданының уақыт бірлігінде өзгеруімен сипатталатын шаманы көрсетеді.

1-кесте - Емдеу әдісіне байланысты жара көлемінің өзгеруі.

топтар	Зерттелген күндер												
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
тәжірибелік	5.7 ± 0.2	5.2 ± 0.2	4.3 ± 0.1	3.9 ± 0.2	3.6 ± 0.2	3.3 ± 0.2	3.1 ± 0.2	2.3 ± 0.2	2.2 ± 0.2	1.3 ± 0.1	0,5 ± 0.1	-	-
бақылау	6 ± 0.3	6.5 ± 0.2	4.7 ± 0.4	4.5 ± 0.2	4.3 ± 0.2	4 ± 0.3	4 ± 0.2	3.5 ± 0.2	3 ± 0.3	2,5 0,1	2,4 ± 0,1	1,5 ± 0,1	1,2 ± 0,2

Деректерге сәйкес, зерттеу барысында жараның көлемінің 1-ші кестеде көрсеткендей, 5,6-шы тәуліктерінде тәжірибелік топта көлемінің кішіреюі жара үдерісінің тұрақтануын көрсетеді. Осы өзгерістер жара көлемінің кішіреюі беталысы болып, бұл көрсеткіштер ұсынылған емдеу әдісінің тиімді екендігін көрсетеді.

Жануарларды зерттеу барысында келесі клиникалық белгілер байқалды: жараның ұзындығы 6 см-дей, ені шамамен 3,5 см, жара бетінде аздаған іріңді экссудаты бар. Жараның жиектері домбыққан.

Келесіде зерттеу нәтижесінде, бірінші топ жануарларда емдеудің 3-ші күнінде жарада іріңді экссудат пен өлі ұлпалардан тазарылып, бесінші күні жара беті түйіршікті ұлпамен жабылды.

Осы уақытта екінші топ жануарларда осындай өзгерістер тек емдеудің 8-9 тәуліктерінде байқалды.

Емдеудің 14-ші тәуліктерінде жараның көлемі айтарлықтар кішірейді, жара беті қабыршақпен қапталып, эпителий түзелу үдерісі жүріп жатты.

2-кесте - Емдеу үлгісіне байланысты жараның жазылу мерзімі.

Топтар	Емдеу үлгілері	Жазылумерзімі (тәулік)
1	Жараныөңдеу. Жараны фурациллин ерітіндісімен 1:5000 жуып-шаю. Жараға Вишневский линиментін жағу	18-21
2	Жараныөңдеу. Жараны 3% сутегінің асқын тотығымен жуып-шаю. 10%-дық мумие жақпа майын жағу	11-12

Жараланғаннан кейін жануар ағзасының қанында морфологиялық көрсеткіштерінің түбегейлі өзгерістерін көрсеткен жоқ. Бірақ төменде келтірілген 3-ші кестеде көрсеткендей, эритроциттің тәжірибеге дейін тәжірибелік топта 4,9±0,36, бақылау тобында 4,2±0,31-ге, ал гематокрит тәжірибе басында тәжірибелік топта 34,2±0,01%, бақылау тобында 34,1±0,01%-ға көлемінің шамалы төмендеуі жануар жарақаттану кезінде қансырау салдарынан болып тұрғанын көрсетеді. Тәжірибе соңында ол көрсеткіштер қалпына келді.

3-кесте -Сиырларда морфологиялық көрсеткіштерінің салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіштер	Зерттелген күндер			
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибе соңында	
	Тәжірибелік M ± m	Бақылау M ± m	Тәжірибелік M ± m	Бақылау M ± m
Эритроцит, млн/мкл	4.9±0.36	4.2±0.31	6.2±0.15	5.8±0.25
Лейкоцит, мың/мкл	12.42±0.42	12.37±0.25	7.55±0.27	7.93±0.27
Гематокрит, %	34.2±0.01	34.1±0.01	40.0±0.01	39.2±0.01

Лейкоциттердің санының шамалы ғана жоғарылауын көріп тұрмыз. Бұл ағзаның қорғаныш қызметінің күшеюін көрсетеді. Бұл көрсеткіш те тәжірибе соңында қалпына келгенін көрсек болады.

Биохимиялық зерттеулердің барлық кезеңдеріндегі биохимиялық зерттеулер өткізілуі кездерінде ветеринария мен медицинада қолданылатын әдістерді қолдандық. Зерттеу мақсатындағы қан алуларын таңертенгі сағаттарда күре тамырдан алып, орындадық. Зерттеулер кезінде түрлі авторлар ұсынған әдістер пайдаланылды. Жараланған сиырлардың биохимиялық күйінің өзгеруін бақылау үшін сиырлардың қанындағы көрсеткіштерді нормативтік дәрежемен салыстыру бағытында зерттеу жасалынды.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, мумиені 10%-дық жақпа май түрінде қолдану, қабылданған емдеу әдістеріне қарағанда жеткілікті жоғары емдеу тиімділігі бар екендігі анықталды. Жаралардың емдеу мерзімі орташа алғанда 7-9 күнге немесе 1,75 есеге дейін қысқартылды.

Әдебиеттер тізімі

1 Шакалов К.И. Профилактика травматизма сельскохозяйственных животных и промышленных комплексах М., Колос. 1981.

2 Bell N.J and Thomas S. Use of sterile maggots to treat panniculitis in an aged donkey. Veterinary Record 149, 768-770, 2001.

3 Dart A.J., Dowling B.A. and Smith C.L. Topical treatments wound managements. Veterinary clinics of North America Equine Practice 21, 77-89, 2005.

4 Абаев Ю.К. Раневая инфекция в хирургии. – Минск: Беларусь, 2003. – С. 293.

Ғылыми жетекшісі: Камсаев Қ.М., в.ғ.д., доцент